

Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп - лицейі

**«Ғажайып әлем» атты әлеуметтік-психологиялық
апталықты негізге ала отырып жүргізілген іс-шаралар
қорытындысы**

Мектеп психологтары :

Р.Абдукаримова

А.Жаксыбаева

Ә.Өтеген

2024 -2025 оқу жылы

№ 264 мектеп-лицей бойынша «Ғажайып әлем» атты әлеуметтік-психологиялық апталықты аясында атқарылған іс-шаралар нәтижесі:

2025 жылдың 24-28 ақпан күндері аралығында «Ғажайып әлем» әлеуметтік-психологиялық апталығы өттізілді.

Апталықтың мақсаты: Мұғаліммен оқушылардың қарым-қатынасын нығайту, өзара жағымды қарым-қатынас жасауға дағдыландыру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, ақыл-ойын дамыту, ортада өзін еркін ұстауға және өз ойын еркін жеткізуге үйрету.

Мектеп психологтері таңертеңгі көтеріңкі көңіл-күймен, ыстық лебіздерімен ұстаздар мен оқушыларды қарсы алды.

Бірінші және екінші ауысымның үлкен үзілісінде оқушылармен көңілді үзіліс, сергіту жаттығулары жүргізілді. Ұстаздар мен оқушылар ерекше сезімге бөленіп, жылы лебіздерін білдірді.





«Ғажайып әлем» әлеуметтік-психологиялық апталығына орай, «Тәтті көңіл-күй», «Біз біргеміз», «Сенің қолыңнан бәрі келеді», «Сенімділік күш береді», «Жақсылық жасап жарысайық», «Мен және қоршаған орта», «Мен сені жақсы көремін» және т.б тақырыпта мектеп оқушылар, мұғалімдерімен кіші қызметкерлеріне мектеп психологтары біршама көңілді үзілістер мен тренингтер ұйымдастырды:

2025 жылдың 24 ақпан күні мектеп қызметкерлерімен оқушыларына «Тәтті көңіл-күй» тақырыбында көңілді үзілістер өтті.


Көңілді үзіліс мақсаты: Мұғалімдер мен оқушылардың эмоциялық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту.





2025 жылдың 25 ақпан күні бастауыш сыныпқа «Біз біргеміз» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: айнала қоршаған адамдарға кешіріммен ізгілікке қарауға үйрету. Жасаған әрекеттеріне жауапкершілік пен қарауға тәрбиелеу. Ата-ана мен бала арасындағы байланысты күшейту, оқушыларды инабаттылыққа, тәртіптілікке шақыру, достық қарым-қатынасты қалыптастыру.





2025 жылдың 25 ақпан күні 5 «Ә» сынып оқушыларына «Сенің қолыңнан бәрі келеді» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың өзіне деген сенімділігін орнату, өз бойындағы сенімсіздік стереотиптерін жойып, «мен» концепциясын жоғары ұстауға машықтандыру. Тренинг барысында оқушлар еркін қарм-қатынас жаап, көтеріңкі көңіл-күйде болды.





2025 жылдың 26 ақпан күні 9-сынып оқушыларына «Сенімділік күш береді» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: оқушы өзін-өзі одан әрі ашу, өзін-өзі тану, өзінің айналасындағандардың қасиеттерін, есте сақтау, зейіндерін дамыту, өз-өзіне сенімділіктерін жоғарылату.





Бір апта бойы «Жақсылық жасап жарысайық» қамқорлық акциясы өткізілді.

Акция мақсаты: әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасыларды қолдау. Мектепте түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, қайырымдылық жәшігі орнатылған болатын.

Қайырымдылыққа мектеп оқушылары, ата-аналар, мектеп ұжымы – барлығы өз үлестерін қосты. Атап айтсақ, сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен қайырымдылық жәрмеңкесі жасалды, 5 отбасыға киім-кешек, азық-түлікпен қамтамасыз етілсе, 2 отбасына ақшалай көмек табысталды. Қайырымдылық жәрмеңкесінен түскен ақша бала ауыр науқаспен ауырып жатқан отбасына аударылды. Қашан да әлсізгет көмек беріп, науқастың қабағына қарайтын қазақ халқының бұл қасиеті – болашақ ұрпағымызға үлгі.





2025 жылдың 27 ақпан күні №264 мектеп-лицейінің кіші қызметкерлеріне «Мен және қоршаған орта» тренингі өткізілді.

Мақсаты: Қызметкерлер арасында қарым-қатынсты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу. Тренинг барысында қызметкерлер арт терапия элементтерін қолдана отырып, өздерінің ішкі ойларымен еркін бөлісіп, жағымды көңіл-күйде болды.







2025 жылдың 28 ақпан күні «**Мен кімін?**» атты ойыны 6-сынып оқушыларына жүргізілді.

Мақсаты: **Өзін-өзі тануға көмектесу** – оқушылар өздерінің жеке қасиеттерін, қызығушылықтарын, армандарын ашық айтып, өздерін басқалармен салыстыра отырып таниды.

Сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту – сипаттау, болжау, дәлелдеу дағдыларын жетілдіреді.

Коммуникативтік дағдыларын арттыру – топпен жұмыс істеу, сұрақ қою және жауап беру мәдениетін үйренеді.

Сенімділік пен ашықтық қалыптастыру – оқушылар бір-біріне сеніп, еркін сөйлеуді үйренеді.

Топтағы ынтымақтастықты нығайту – бірін-бірі түсініп, қолдау көрсету арқылы достық қарым-қатынас орнайды.





2025 жылдың 28 ақпан күні «**Мен сені жақсы көремін**» атты мектеп қызметкерлеріне тренинг сұхбаты жүргізілді.

Мақсаты: қызметкерлердің жақын туыстарына деген өз сезімдерін көрсете алуға, қарым-қатынасын түзеуге назар аударту.





2025 жылдың 28 ақпан күні №264 мектеп-лицейінің бастауыш сынып оқушылары арасында тиімді тамақтануды ұйымдастыру мақсатында «Дұрыс тамақтана білеміз бе?» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Білім алушыларға LED экран арқылы тиімді тамақтанудың адам өмірінде алатын орны мен маңыздылығын түсіндіру.

Мақсаты: Оқушылардың өз пікірлерін тыңдай отырып, қосымша мәліметтер бере отырып денсаулық құндылығы, дұрыс тамақтану туралы түсініктерін кеңейту. Денсаулықтың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру. Денсаулықты күтуге, дұрыс тамақтана білуге тәрбиелеу.



Қорытындылай келе, мектебімізде өткізілген «Ғажайып әлем» атты әлеуметтік-психологиялық апталықта мектеп қызметкерлерімен оқушылары жақсы деңгейде әсер алып, жағымды эмоцияға бөленіп, өз жылы лебіздерін білдірді.

«Еңсесін енді көтеріп келе жатқан біздің еліміз үшін тәрбиелі ұрпақтың орны мүлде бөлек»-деп ел басымыз айтқандай біздің жарқын болашағымыз осы жастардың

қолында. Апталықта өткізілген көңілді үзілістер мен тренинг барысында, оқушыларға достық қарым-қатынасты бағалау, бір-біріне мейірімді болу, әрдайым сынып жетекшісімен және ата-аналарының кеңестеріне құлақ салу, бір-біріне түсіністікпен қарау керек екендігі туралы жете түсінді. Мектеп мұғалімдері мен оқушылары өз ойларын бойындағы көңіл-күйді тұрақтандандыру, жағымсыз әрекеттерін түзету, эмоциялық күйзелісті сейілту жөнінде «**Ғажайып әлем**» деген сөзбен ойларын түйіндеді.

Педагог-психолог:

Р.Абдукаримова

А.Жаксыбаева

Ә.Өтеген

Н.Султангалиева

М.Абдуллаева